

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім
бөлімі Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
жанындағы
«Балбұлақ» шағын орталығы**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын
«Балбұлақ» шағын орталығының өзін-өзі бағалау өлшем шарттарының
2023-2025 жылдар аралығындағы талдауы**

МАЗМҰНЫ

I. Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы

- 1.1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау туралы бұйрығы
- 1.2. Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы
- 1.3. Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары мен міндеттері.

II. Мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау.

- 2.1. Шағын орталықтың педагогикалық ұжымы
- 2.2. Педагогтардың кәсіби дамуы туралы ақпарат

III. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.

- 3.1. Тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (3-қосымша)
- 3.2. Шағын орталықтың тәрбиеленушілерінің санын талдау

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

- 4.1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарға арналған ұйымдастыру іс-шараларының перспективалық жоспары, тәрбие процесінің циклограммасы .

V. Оқу және материалдық құндылықтар.

- 5.1 Жабдықпен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы ақпарат (4-қосымша)

VI. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер туралы ақпарат (5-қосымша)

- 6.1 Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

VII. Қорытынды

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Кеңбидайық ауылының «Балбұлақ» шағын орталығының білім беру қызметін өзін – өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі.

Жалпы ережелер

1. Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Кеңбидайық ауылының «Балбұлақ» шағын орталығы өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі –бағалау өлшем шарттары) және білім беру ұйымының білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленді.
2. Шағын орталықтың білім беру қызметін өзін – өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірінғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.
3. Білім беру қызметін өзін –өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылады:
 - 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
 - 2) Оқыту және білім беру;
 - 3) Білікті қызметкерлердің болуы;
 - 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
 - 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қаматамсыз ету;
 - 6) Тиімді оқытуға ықпал етемін материалдық- техникалық база.
4. Шағын орталықтың білім беру қызметін өзін- өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі Қазақстан Республикасы Оқу – Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі –МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:
 - 1) Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
 - 2) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
 - 3) Тәрбиеленушілердің даярлық деңгейі;
 - 4) Оқу мерзімі.
5. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшем шарттары пайдаланады.

I. «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Кеңбидайық ауылының «Балбұлақ» шағын орталығы туралы жалпы сипаттама

Білім беру ұйымының атауы:	«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Кеңбидайық ауылының «Балбұлақ» шағын орталығы
Орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Қазақстан, Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Кеңбидайық ауылы, Т. Бигельдинов көшесі, 22
Салынған жылы (шағын оралықтың жұмыс бастау мерзімі)	2008 жыл. 15 қазан
Жобалық қуаты	30 орындық
Байланыс деректері (телефон, электронды пошта, балабақша сайты)	директор – Шопанова Жанар Мейрамбаевна
Байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	2025 жылы 29 тамыз 112-Ж бұйрық.
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың не куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Ақмола облысының әділет департаменті Целиноград ауданаралық әділет басқармасы Заңды тұғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама. 19.01.2021ж
БСН	020840000854
Жобалық қуаттылығы	30 орындық, жалпы бала саны - 25
Оқыту тілі	Қазақ тілі
Түрі	Мемлекеттік

Қорғалжын ауданы бойынша «Балбұлақ» шағын орталығы (бұдан әрі- шағын орталық) 2008 жылы пайдалануға берілген. Шағын орталықта мемлекеттік тілде тәрбиеленетін 2 топ, олардың ішінде «Қошақан» кіші жас тобы-1, «Ботақан» ортаңғы аралас тобы (кіші топ,, ортаңғы топ) -1 топтар бар. Шағын орталық аптасына 5 күн, сағат 8.00 – 17.00-ге дейін жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты алғашқы бірдей жағдайлар құруды қарастырып, қарапайым оқу дағдыларын, қарым – қатынас жасау және бастапқы білім беруді меңгеруді қалыптастыру болып табылады.

Шағын орталықта: педагог-логопед, медбике тиісті бейіндегі қызметкерлер жұмыс жасап, өздеріне тиесілі қызмет түрлерін көрсетеді. Шағын орталық бала жасына сай жеке арнайы жабдықталған ойын бөлмесі, ұйықтайтын бөлмесі, қабылдау бөлмесі, асхана бар. Балалар 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және бір мезгіл жемістер мен шырындар беріледі.

Тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша қызметтер көрсетеді:

- Медициналық кабинет шағын орталықта жасақталған.

2023-2024 оқу жылының әдістемелік тақырыбы:«Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін қалыптастырудағы патриоттық тәрбие»

Мақсаты:мектепке дейінгі жастағы тұлғаның жан-жақты дамуы, оның физикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау және нығайту үшін білім беру процесінің барлық қатысушылары -педагогтардың, ата-аналардың, балалардың тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық зерттеушілік әрекетін, өзгеру қабілетін қалыптастыру, танымдық бастамасын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеу және ұлттық мәдениетінің дәстүрлерімен таныстыру жұмыстарын жалғастыру.
3. Мектепке дейінгі білім берудің ҚР мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру жағдайындағы балалардың негізгі қызметі ретінде білім беру процесінде ойын әрекеттерін жетілдіру.
4. Балалармен жұмыс жасауда цифрлық технологияларды енгізу, қашықтықтан жұмыс жасауды ұйымдастыру.

Балалардың контингенті

№	Тобы	Топтардың атауы	Балалардың Саны
2	Кіші топ	«Қошақан»	10
3	Ортаңғы топ	«Ботақан»	16
5	Мектепалды сыныбы	Қазақ тобы	3
	Барлығы	3	29

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚОРҒАЛЖЫН АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
КЕҢБИДАЙЫҚ АУЫЛЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КММ

Кеңбидайық ауылы
Т.Бигельдинов көшесі, 22
инд. 021304 тел/факс 87163743-6-23
эл.пошта: kenbidaik@mail.ru

КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА СЕЛА КЕНБИДАИК
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ПО КОРГАЛЖЫНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

с.Кенбидаик
ул.Бигельдинов.,22
инд. 021304 тел/факс 87163743-6-23
эл.адрес: kenbidaik@mail.ru

Бұйрық
«10» қыркүйек 2025 ж.

Приказ
«10» сентября 2025г.

№26.

«Мектепшілік өзін-өзі бағалауды
жүргізу жөніндегі комиссияның
құрамын бекіту» туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 4 тармақшасы, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде, аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі, педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 28 тамыздағы №1 хаттамасы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепшілік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу.
2. Келесі құрамда мектепшілік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құру:
 1. Шопанова Ж.М. – мектеп директоры, комиссия төрайымы.
 2. Сабиева Ұ.Н. – оқу ісінің меңгерушісі
 3. Бирманова С.Б. – оқу ісінің меңгерушісі
 4. Қаппар Ж.Ж. – тәрбие ісінің меңгерушісі
 5. Бейлова Г.О. – ҚТБ ӘБ жетекшісі
 6. Ескендирова Ш.К. – бастауыш сынып ӘБЖ
 7. Жунусова Н.Н. – «Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиешісі.
 8. Баймуратова Б.К. – ЖМБ ӘБ жетекшісі
 9. Даменов А.А. – шаруашылық меңгерушісі.
3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: Ж.Шопанова

Бұйрықпен танысты:

Сабиева Ұ.Н.
Бирманова С.Б.
Қаппар Ж.Ж.
Бейлова Г.О.
Ескендирова Ш.К.
Жунусова Н.Н.
Баймуратова Б.К.
Даменов А.А.

**“Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім берететін
мектебі”КММ
№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы
“Білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы білім
беру саясаты мен басымдықтары”**

Өткізу күні: 2025 жылғы 28 тамыз сағат 11:00

Өткізу форматы: офлайн

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Ұзақтығы: 90минут

Қатысушылар: Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің өкілдері, мектеп әкімшілігі, педагогтер, хатшы.

1. КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы.
2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы
3. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.
4. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау комиссияның құрамын бекіту.
5. Балбұлақ шағын орталығы қызметі туралы.

1. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025)

Модератор:

15 тамызда Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұстаздардың республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекет басшысы білім беру саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – оларға танысып, мектепте іске асыру.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

Басты бағдарымыз – «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр сабақта, әр сыныптан тыс іс-шарада енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай

белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңыз бен тәрбие сағаттарының жоспарларына енгізілуі тиіс.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне біріктіру. Биылдан бастап біз ЖИ-ді жүйелі түрде енгізуді бастаймыз. Бұл компьютер мұғалімді алмастырады деген сөз емес. ЖИ – уақытты үнемдеудің әрі оқыту әдістемесін кеңейтудің біздің цифрлық көмекшіміз.

1–11-сыныптың барлық оқушылары «Day of AI» курстарымен қамтылады. Барлық педагогтер Ы. Алтысарын атындағы Ұлттық білім академиясының сайтындағы «Орта білім беру жүйесінде ЖИ қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдармен» танысып, оны оқыту тәжірибесіне енгізу қажет.

Педагогтер үшін ЖИ қолдану бойынша деңгейлік курстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын болады. Қазірдің өзінде әрбір педагогке сайтта ЮНЕСКО қолдауымен “ӨРЛЕУ” әзірлеген курсқа колжетімділік ашылды <https://reg.orleu.edu.kz/>. Жақын арада оқудан өту керек (барлығы – 8 сабақ және тест) және куәлік алу керек.

Сонымен қатар, мектепте білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ішкі мектептік құжатты әзірлеп, бекіту қажет.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша педагог еңбегін төлеу және берілетін кадр сапасын арттыру. Педагогтің міндеті – оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет басшысының ұстаз – «ұлттың шамшырағы» ретіндегі рөлін жоғары бағалауы педагогтерге берілген сенімге сәйкес келуге міндетті отырмыз, ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл үшін кәсіби біліміңіз бен дағдыларыңызды үздіксіз жетілдіру өте маңызды.

Төртінші – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету сөзсіз төртінші басымдық болып табылады.

Бұл бағытта екі жаңа бастама қарастырылуда:

біріншісі – буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингiнiң алдын алу бағдарламасын енгізу.

екіншісі – медицина қызметкерлерінің жаңа рөлін анықтау. Енді медицина қызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сынып жетекшілерімен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Сонымен, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді.

Міндетіміз- “мектеп - ата-ана-қоғам” қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату. Жаңа құрылым келесідей ұйымдастырылады:

Сынып деңгейінде: алғашқы жиналыста сайланатын 3-5 ата-анадан тұратын комитет;

Білім беру ұйымының деңгейінде: әр сыныптан ұсынылған өкілдерден құралады;

Бұдан әрі бұл құрылым аудандық, облыстық және республикалық деңгейде шығады.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудан күтілетін нәтиже - ата-аналарды мектеп өміріне толыққанды серіктес ретінде тарту.

1. 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыттары туралы

ШЕШІМ:

- «2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты басшылыққа алынсын;
- «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін;
- білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекіту;
- білім беру процесінде жасанды интеллект технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарын сақталуын реттейтін мектепшілік құжатты әзірлеп, бекіту.
- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданасын;
- мектеп әкімшілігінің міндеті мектептің негізгі міндеттері: білім беру сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту болып белгіленсін.

2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы

ШЕШІМ:

- мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
- мектептің оқу жұмыс жоспары, оқу жүктемесі (тарификация), сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, әдістемелік бірлестіктердің

жұмыс жоспарылары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары және т.б бекітілсін.

- жауапты тұлғалар бекітілген жоспарлардың уақытылы орындауын қамтамасыз етсін.

3.Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы

ШЕШІМ:

- мектеп әкімшілігінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралары әзірленсін;
- директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және медицина қызметкері (келісім бойынша) мектепте санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етсін;
- медицина қызметкері (келісім бойынша) азық-түлік сапасын бақылауды және тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етсін;
- мектеп қызметкерлері үшін Ішкі тәртіп ережелері және мектептің жұмыс кестесі бекітілсін.
- мектепшілік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу.
- комиссия мүшелері нормативтік актілеріне құрамы бекітілсін.

4.Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде білім беру ұйымында өзін-өзі бағалау жұмыстары маңызды орын алады. Мектеп директоры өз сөзінде өзін-өзі бағалау нәтижелері мемлекеттік аттестаттау кезінде мектептің жалпы жұмысын әділ әрі нақты көрсетуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Мектеп директордың бұйрығымен бекітілген мектепшілік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды.

5. Балбұлақ шағын орталығында неше бала тәрбиелетіні жайында сұрады. Балбұлақ шағын орталығында 25 бала тәрбиеніледі. Балбұлақ шағын орталығының тәрбиешісі Жунусова.Н.Н сөз сөйледі.

ШЕШІМ:

- мемлекеттік аттестаттау шеңберінде комиссия құрылсын.
- Балбұлақ шағын орталығының қызметін жандандырсын.

Кеңес төрайымы:  Ж.М. Шопанова

Хатшы:  А.К. Утеулина

1.3. Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:

- Шағын орталық пен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен оқыту процесінің жағдайы туралы толық ақпарат;
- Шағын орталық пен мектепалды сыныптары болашақтағы стратегиясын жақсартуда тәрбиелік-білімдік жұмыстар сапасына қиындық келтіретін мәселелерді анықтау;
- Шағын орталық пен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен оқыту процесінің іс-жүзіндегі жағдайы мен алға қойылған жоспарына сәйкес жаңашылдықтарды табу.

Өзін-өзі бағалаудың міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың МЖМБС және Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сай білім беру қызметін жүзеге асыру;
- МЖМБС білім беру салаларының мазмұны бойынша баланың даму мониторингісіне оқыту нәтижесінің сәйкестігі
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін, педагогтердің жалпы білім беру деңгейіне сәйкестігі
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту қызметіне ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қанағаттану дәрежесін анықтап білу.
- Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту әрі өмірін қорғауды қамтамасыз ететін, пәндік-кеңістік дамыту ортасының сәйкестігі.

II. Мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының 01.09.2023 жылғы бұйрығымен бекітілген штаттық кестеге сәйкес жасақталған.


2023 жылдың қыркүйегінде «Балбұлақ» шағын орталығы мен мектепалды сыныбында 3 педагог педагогикалық қызмет атқарады: педагог-логопед, 3 тәрбиеші.

2.1. Шағын орталықтың педагогикалық ұжымы

№	Педагогтар саны	1	100%
1	Әдіскер	0	
2	Мамандар	0	
3	Тәрбиешілер	3	100%
	Оның ішінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар	3	
	Қайта даярлау курсынан өткен	3	


№	Санат атауы	Педагогтар саны
1	Педагог сарапшы	0-0%
2	Педагог модератор	1-33%
3	Жоғары санатты	0-0%
4	Бірінші санатты	0-0 %
5	Екінші санатты	0 -0 %
6	Санаты жоқ	2-67 %

№	Білімі	Педагогтар саны
1	Жоғарғы	1-25%
2	Арнаулы орта	3-75%



Педагогтардың білім деңгейі

Білімі	Оқу жылдары		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Арнаулы мектепке дейінгі Жоғары	0-0%	0 – 0%	0-0%
Арнаулы мектепке дейінгі орта білімді	3-100%	3-100%	3-100%
Қайта даярлау курсынан өткен педагогтар саны	0-0%	0-0%	3-100%
Мамандар	1 - 100%	1-100%	1-100%
Барлық педагогтар:	4	4	4



Қорытынды: талдау негізінде қазіргі кездегі педагогтардың білім деңгейі төменде көрсетілген:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша жоғары білімі бар 0 (0%) педагог;

- «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша – 3 (100%) педагогтың орта арнаулы білімі бар;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша қайта даярлаудан өткен – 3 (100%) педагог;

- мамандар (педагог-логопед) – 1 (100%) педагог.

Тәрбиешілердің білім деңгейі

Білімі	Оқу жылдары		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Мектепке дейінгі жоғары	0- 0%	0– 0%	0–0%
Мектепке дейінгі арнаулы орта	3 – 100%	3– 100%	3– 100%
Педагогикалық білімді, Қайта даярлау курсынан өткен тәрбиешілер	0- 0%	0-0%	3-100%
Барлық тәрбиешілер:	3	3	3

Педагогтардың біліктілік деңгейі

Оқу жылдары	Жоғары	I санат	Педагог – эксперт	II санат	Педагог-модератор	Процент	Санат сыз	Барлық педагог
2023-2024	0	0	0	0	0	0%	0	0
2024-2025	0	0	0	0	1	33%	2	3
2025-2026	0	0	0	0	1	33%	2	3

2.2. Педагогтардың кәсіби дамуы туралы ақпарат

Педагогтар жүйелі түрде білім мен біліктілік деңгейін жоғарылатады. Олар баяндама әзірлеп, аудандық семинарларға қатысады.

Жұмыс кестесіне сәйкес біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

Педагогтардың біліктілік деңгейін көтеру

Оқу жылдары	Семинарлар	Ғылыми-практикалық конференциялар	Бөбекжай аясындағы семинарлар
2023-2024	1	0	Жылдық жоспарға сәйкес барлық педагогтар қатысады.
2024-2025	2	0	
2025-2026	0	0	

2.2 Педагогтардың біліктілігін арттыру

Оқу жылы	Барлық педагог	Курс өткендер		Сонының ішінде			
		Саны	Пайызы	Тәрбиешілер		Мамандар	
				Кол-во	процент	Кол-во	процент
2023-2024	4	0	0%	3	0%	1	0%
2024-2025	4	0	0%	3	0%	1	0%
2025-2026	4	4	100%	3	100%	1	100%

Қорытынды: шағын орталық тәрбиешілері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырады.

III.Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.

3.1. Тәрбиеленушілер контингентінің тізімі

«Балбұлақ» шағын орталығында 2 топ жұмыс істейді: Барлық топ мемлекттік тілде.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы No 254 «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жыл бойы жүзеге асырылады.

Келісім шарт бойынша келесі қызметтер көрсетіледі:

- нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту;
- сауықтыру іс-шаралар;
- Қорғалжын ауданы білім бөлімімен келісілген, жыл мезгілдеріне сәйкес, 10 күндік перспективті ас мәзірі бойынша 3 мезгіл тамақтану, жыл мезгілдеріне сәйкес: қыс-көктем және жаз-күз; мектепке дейінгі ұйымның басшысымен бекітілген ас мәзірі беріледі.

3.2. Шағын орталықтың тәрбиеленушілерінің санын талдау

«Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2023 жылдың мамыр айында 29 баланы құрады.

№	Топтардың атауы	Жас ерекшеліктері	Бала саны
1	«Қошақан»	Кіші топ	10
2	«Ботақан»	ортаңғы топ	16
3	Мектепалды сыныбы		3
			29

«Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2024 жылдың мамыр айында 30 баланы құрады.

№	Топтардың атауы	Жас ерекшеліктері	Бала саны
1	«Қошақан»	Кіші топ	13
2	«Ботақан»	ортаңғы топ	12
3	Мектепалды сыныбы		5
			30

«Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2025 жылдың қыркүйек айында 32 баланы құрады.

№	Топтардың атауы	Жас ерекшеліктері	Бала саны
1	«Қошақан»	кіші топ	14
3	«Ботақан» (аралас тобы)	ортаңғы топ	11
5	Мектепалды сыныбы	Мемлекеттік тілде оқытылатын топ	7
			32

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

4.1 «Балбұлақ» шағын орталығының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйым оқу-тәрбие процесін құжаттарға сәйкес жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Оқу үрдісі: перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау бойынша жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспар оқу жылының басталуына дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шараларда жас топтарында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар құрастырады.

2023-2024 оқу жылында тәрбие және білім беру үдерісінің сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер оқу жылына өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар құрды. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр аптаға құрастырылады, онда балаларды қабылдаудан үйлеріне қайтуына дейінгі аралықтағы әрекеттерінің әртүрлі түрлері (ойындық, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан бастап барлық күнделікті сәттердің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес жазылған.

Тәрбиешілердің перспективалық жоспары жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастырылады, педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында шағын орталық топтарында ұйымдастырылған оқу іс-шаралары апталық жүктеме мен ұзақтығын сақтай отырып, бекітілген кестеге сәйкес тәрбиешілермен жүргізілді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыруда «Алматы кітап» оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде педагогтар келесі принциптерді басшылыққа алады:

- ойын арқылы оқу;
- балалар әрекетінің түрлерін (ойын, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеушілік, еңбек, эксперимент, балалардың өз бетінше әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету) кіріктіру арқылы балаларды дамыту.

Тәрбие процесін жоспарлау кезінде тәрбиешілер балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен тәсілдерінің өзгермелілігі мен қолданылуын ескереді. Оқу процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Электронды нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына арналған Жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса берілген.

Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.

Мониторинг мақсаты:

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету; - түзету шараларын жедел жоспарлау негізінде оқу процесін жетілдіру;

- баланың үлгерімін қадағалау;

- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын баланың меңгеру деңгейін анықтау.

Мониторинг нәтижелері негізінде алынған мәліметтер бойынша балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі, топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады.

Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына арналған мониторинг қоса берілген.

2023-2024 оқу жылы шағын орталықта «Қошақан» кіші, «Ботақан» ортаңғы, мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің талдау көрсеткіші:

2023-2024 оқужылы/	Топ саны/ бала саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
Кіші топ	1/10	6- 60%	4-40%	0-0%
Ортаңғы топ	1/16	6-38%	10-62%	0-0%
МАД сыныбы	1/3	1-33%	2-67%	0-0%
Барлығы	3/29	13-45%	16-55%	0-0%

Тәрбиеленушілердің 2023-2024 оқужылының даму мониторингінің (қорытынды) нәтижелерінің талдау көрсеткіші:

2023-2024 оқужылы/	Топ саны/ бала саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
Кіші топ	1/10	0- 0%	1-10%	9-90%
Ортаңғы топ	1/16	0-0%	3-19%	13-81%
МАД сыныбы	1/3	0-0%	0-0%	3-100%
Барлығы	3/29	0-0 %	4- 14%	25-86%

2024-2025 оқу жылы шағын орталықта «Қошақан» кіші, «Ботақан» ортаңғы, мектепалды даярлық сыныбындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің талдау көрсеткіші:

2024-2025 оқужылы/	Топ саны/ бала саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
Кіші топ	1/13	5- 38%	8-62%	0-0%
Ортаңғы топ	1/12	3-25%	9-75%	0-0%
МАД сыныбы	1/5	2-40%	3-60%	0-0%
Барлығы	3/30	10-33%	20-67%	0-0%

Тәрбиеленушілердің 2024-2025 оқу жылының даму мониторингінің (қорытынды) нәтижелерінің талдау көрсеткіші:

2024-2025 оқужылы/	Топ саны/ бала саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
Кіші топ	1/13	0- 0%	3-23%	10-77%
Ортаңғы топ	1/12	0-0%	0-0%	12-100%
МАД сыныбы	1/5	0-0%	0-0%	5-100%
Барлығы	3/30	0-0%	3-10%	27-90%

2025-2026 оқу жылы шағын орталықта «Қошақан» кіші, «Ботақан» ортаңғы, мектепалды даярлық сыныбындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің талдау көрсеткіші:

2025-2026 оқужылы/	Топ саны/ бала саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
Кіші топ	1/14	7- 50%	7-50%	0-0%
Ортаңғы топ	1/11	3-27%	8-73%	0-0%
МАД сыныбы	1/7	4-57%	3-43%	0-0%
Барлығы	3/32	14-44%	18-56%	0-0%

Ұсыныстар: тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру жұмыстарын жалғастыру. Коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстарын тыңғылықты қолданысқа еңгізу. Балалармен іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойындық, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс және т.б.) жүзеге асыру, күннің ІІ жарытысында жеке даму картасының түзету шаралары бойынша кеңірек жұмыстар жүргізу.

V. Оқу және материалдық құндылықтар.

5.1. Ақмола облысы Қорғалжын ауданы білім бөлімі «Балбұлақ» шағын орталығы 2008 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Шағын орталықта әрбір жас тобында балалардың іс-әрекеттің барлық түрлерінде өз бетінше, белсенді және мақсатты дамуына жағдай жасалған.

Топтардағы объектілік-кеңістіктік дамушы орта ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиһаздың, оқу, ойын және басқа да жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналық нормаларға, балалардың физиологиясына, баланың психикалық жай-күйіне, оның дамуына толық сәйкес келеді және олардың дамуына оң әсер етеді. баланың өздігінен білім алу қабілетін дамыту, функционалдық дамуына жағдай жасалған.

Топты орталық аймақтарға бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған.

Шағын орталықтың кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым басқатырғыштар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

Ортаңғы топтарында топ бөлмелері танымдық қызығушылықтарын арттыру үшін оқу ойыншықтарымен, Лего, шығармашылық материалдармен, театрландырылған ойынға арналған киім ауыстыратын бөлмемен, қуыршақтармен, түрлі көліктермен, табиғи материалдармен жабдықталған.

Ересек және мектепалды даярлық сыныптарында ойын бөлмесі қарапайым математикалық түсініктерді және сауаттылық негіздерін меңгеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен баспалы кітаптар, бояу кітаптары, сандар мен әріптермен басылған тақтадағы ойындар, ребустар, нұсқаулықтар, балалар энциклопедиялары, планетаның жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы иллюстрациялық басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киім-кешек бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, танымдық зерттеу әрекеттеріне арналған құрылғылармен жабдықталған.

Шағын орталықтың оқу кабинетінде Үлгілік оқу жоспары мен Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған кеңестік материалдар, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер жинақталған. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейне және аудиоматериалдарды жинақтармен қамтылған. Мектептің ішінде тәрбиешілердің білім деңгейін дамыту, балалар тәрбиесінде іс – әрекет барысына қолдану мақсатында кітапхана бар.

Кабинетте тиісті құрал-жабдықтар бар: әдістемелік материал, техникалық құрал-жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, әр түрлі оқу ойыншықтары, әдебиеттер мен журналдар.

Жыл сайын шағын орталықтың материалдық-техникалық базасы жаңа құрал-жабдықтармен толығып келеді. Мектеп аумағында ағаштар мен бұталар отырғызылып, гүлзарлар өсірілген. Ойын алаңдарында беседкалар, әткеншектер, сырғанақтар, баспалдақтар, орындықтар және т.б.бар.

VI.Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер туралы ақпарат

6.1 Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Шағын орталығы электронды ресурстардың базасы бар:

- жұмыс үстелі компьютері - 1 дана.
- теледидар—1 дана.
- колонка - 1 дана.
- сканер - 1дана.
- принтер - 1 дана.
- интернет желесімен қамтылған.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, шағын орталық баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына жағдай жасалған деген қорытынды жасауға болады.

Пәндік-кеңістіктік дамушы ортаның мазмұны оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес келеді, кезеңді түрде өзгеріп отырады, түрленіп отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үнемі байып отырады.

«Балбұлақ» шағын орталығының аттестатталған кезеңдегі қызметінің зерттелген материалдары негізінде мектеп ұжымы әкімшілік-шаруашылық, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі және нәтижелі жүргізетіні анықталды. Іс-шаралар: Зерттелген өзін-өзі бағалау материалдары негізінде «Балбұлақ» шағын орталығы мен мектепалды сыныптары тиянақты әрі сапалы жұмыс жүргізді.

«Балбұлақ» шағын орталығы 100% педагогикалық ұжыммен қамтамасыз етілген. Кадр құрылымы штаттық кестеге сәйкес келеді. Педагог-мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Педагогтар «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алған. Педагогтардың 100%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өту арқылы кәсіби біліктілігін арттырған.

Орталықта тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалған. Пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің қызығушылықтарына сәйкес келеді, кезеңді түрде өзгеріп отырады, түрленіп отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үнемі жасақталып отырады.

- Ұйымдастырылған іс-шараларда жас топтарының тәрбиешілері «Алматы кітап», оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады.
- Балалар топтарға «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады. Құжаттарды қабылдау және балаларды тұрақты немесе уақытша болу үшін мектепке дейінгі ұйымға қабылдау бар болған жағдайда жыл бойы жүзеге асырылады.
- 2023-2024 оқу жылына арналған қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында анықталған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтардың қол жеткізу деңгейі, орташа және жоғары деңгейдегі балалар саны мектепалды даярлық топтарындағы даму 96% құрайды.

VII. «Балбұлақ» шағын орталығының қызметін бағалау

№	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	0 %	0
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішін де басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	5

6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100 %	5